

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Балтамуратова Ақсунгул Пердебай қызы

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті

Бастауыш тәлім педагогикасы кафедрасының оқытушысы

Абдіқалиева Венера Турдіқали қызы

Бастауыш тәлім факультеті, 4-курс талапкері

<https://doi.org/10.5281/zenodo.7295379>

***Аннотация.** Мақалада шығармашылық, қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігін ерте жастан дамытудың өзектілігі, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әрекетін психологиялық тұрғыдан оқыту мүмкіндіктері мен маңыздылығы.*

***Негізгі сөздер:** Шығармашылық, шығармашылық белсенділік, бастауыш білім, оқу-тәрбие процесі, мұғалім, оқушы белсенділігі.*

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСТВА УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

***Аннотация.** В статье речь идет о творчестве, актуальности развития творческой активности младших школьников с раннего возраста, возможностях и значении психологического обучения творческой деятельности младших школьников.*

***Ключевые слова:** Творчество, творческая деятельность, начальное образование, образовательный процесс, учитель, деятельность, учащиеся.*

DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

***Abstract.** The article reveals the importance of creativity, creative abilities, the importance of developing children's creative activity in modern society from an early age, the psychological potential and importance of teaching creativity to younger schoolchildren.*

***Keywords:** creativity, creative activity, primary education, learning process, teacher, student activity, psychological feature.*

INTRODUCTION

Қазіргі таңда жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті болып табылады. Жас ұрпақты оқытып - тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті, ізденіс пен шыдамдылықты, ұстаздың заман көшіне сай білімнің қыр-сырын терең меңгеріп, жаңа ақпараттық технологиялармен қаруланғанын, жан-жақтылығын талап етеді. Себебі ұстаз алдында заман талабына сай-жеке индивид тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр. Жан-жақты қалыптасқан, білім мен тәрбиені қатар тізгіндеген, өмір көшінен өзіндік орын алар тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру оңай шаруа емес екенін ұстаздың өзі де түсініетіні белгілі. Тұлғаны оқытып, тәрбиелеу ең алдымен отбасы-ошақ қасынан бастау алып, жаңа мектеп табалдырығын аттаған-яғни бастауыш сатыдан басталуы керек.

Бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті, қабылдау мүмкіндіктері әр түрлі. Сол себепті оқушыларының білім сапасын көтеру- әр ұстаздың міндеті. Оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту үшін, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

METHOD AND METHODOLOGY

Мұғалім алғашқы сабақтан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізуі керек.

Ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. «Ұстазын сыйламаған елдің ұрпағы азады», — дейді халық даналығы. Осыған байланысты шығармашылық, ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет деп ойлаймын.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

Шығармашылық жұмыста, әсіресе, бала қиялының орны ерекше. Бұл жөнінде М.Жұмабаевтың айтқан тамаша пікірі бар: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті». «Баланың атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы – қазақ баласы қиялқұмар болуға тиісті». Педагог ғалымның айтқанының сөз өнері — әдебиетке тікелей қатысы бар. Сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы ерекше. Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі. Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім - білік, дағдыларды меңгерте отырып, жаңа педагогикалық технологияларды шебер пайдалана білу арқылы оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, сабақтағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету, сол арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту қажеттігі туындап отыр.

RESEARCH RESULTS

Шығармашылық барлық адамда болуға тиісті сапа. Алайда, біздің өмірімізде әр адамның жаңалық ашуы сирек кездесетін жағдай. Неге? Американдық ғалым Н.Роджерстің әр адам бала кезінен бастап «Сен мынаны дұрыс жасамадың!», «Бұл қате!», «Олай емес!» деген сынау сөздерді көп естиді. Кейде тіпті жаза да қолданып жатады. Адамдардың өз бойындағы, «ол менің ісім емес» деген сенімсіздік осыдан басталады екен. Осы пікір саналы адамның баршасына ой саларлықтай.

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мыналарды жатқызуға болады.

1. Шығармашылық қабілетінің деңгейін анықтау. (топтау, бақылау, қалыптастыру)
2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.
3. Оқушы мүмкіншілігіне (потенциалына) сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.
4. Шығармашылық қабілетін тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен карама- қайшылықтарды есепке алып, зерттеу.

5. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.

6. Шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеу үрдісін тәжірибе негізінде жинақтап, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау.

7. Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу. Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. Жоғарыда аталған мәселенің екінші тармағына тоқталатын болсақ, қызығушылық, ақыл-ойды жетілдіру жеке адам тәрбиесінде байланыстырушы буын болып табылады. Бастауыш класс оқушыларында жаңа, өзі білмейтін іске деген қызығушылық басым болады. Ондай істер баланың бар ақыл-ойын, ішкі күштерін жұмылдырады және ерекше қуат береді. Қызығушылықтың арқасында білім де, оны игеру үрдісі де, интелекті дамытуда қозғаушы күш және жан-жақты дамыған адам тәрбиелеудегі маңызды фактор болуы мүмкін. К.Д. Ушинский: «Еріксіз көндірумен, күштеумен алған білім дамыған ақыл тудыра қояр ма екен?» - деген екен. Ендеше, оқыту ерікті қызығушылық жағдайда болуы керек. Сондай-ақ оқушы шығармашылығын дамытуға негізделген әдіс - тәсілдерді тек сабақта ғана емес, кластан тыс жұмыстарда үнемі қолданып отырса, сонда ғана көздеген нәтижеге қол жетері сөзсіз.

Оқушыларды шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп.

Білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, халықаралық ғылыми коммуникациялық байланысқа шығу, білім беруді ақпараттандыру.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында мектеп оқушыларында болуы керек сапалар:

1. Қажетті білімді өз бетінше ала отырып, пайда болған алуан түрлі мәселелерді шешу үшін оларды тәжірибеде біліктілікпен пайдалану, жылдам өзгеріп отырған өмір жағдайларына оңай бейімделу.

2. Өздеріне өздері сын көзбен қарай алу, кездесетін қиындықтарды көріп, оларды шеше білу, дұрыс әрі уақытылы шешім қабылдай алу.

3. Ақпарат ағынымен дұрыс жұмыс істей алу, мақсат-міндеттерді дұрыс анықтап, болжам жасап, тиісті қорытынды шығарып, проблемаларды шеше білу.

Мұның өзі еліміздегі білім беру жүйесінің бұрынғы қалпында болмайтынын көрсетеді. Сондықтан оқу ағарту саласының оқу үрдісіне жаңа технологияларды кең көлемде енгізуді талап етеді. Инновациялық (озық) білім беру деп - тұлғаның бағдарлы көзқарасты, білімдегі дәлдікті, шығармашылық бастауды, сонымен бірге жаңа технологиялық мағлұматтарды игеруін айтады.

Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологияларының мақсаттары мен міндеттері:

1. Сабақтарды жаңаша ұйымдастыру.

2. Мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау.

3. Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру.

4. Оқушының ойлау қабілеттерін арттырып, ақпараттық технологиялар негізінде ізденушілігін дамыту.

5. Шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау арқылы ізгілікке, елжандылыққа, саналылыққа, адамгершілікке, имандылыққа,

еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

6. Баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай қолдану.

Оқушыларды шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп.

1. Тәрбие сағатында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. (сурет салдыру, шығарма жаздыру, нақыл сөздер жинастыру, т.б.)

2. Қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары.

3. Үйірме жұмыстарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«**Образға кіру**». Жансыз заттардың, өсімдіктердің, жануарлардың орындарында өздері қандай күй кешетіні, қандай қызмет атқаратынын сезіну

«**Суырып салма ақын**». Бастауыш сыныптарда шығармашылықтың алғашқы сатысын іс-әрекет және ойын түрінде бастаған жөн. Бала ойын ойнауға қызығу арқылы оның ойлау өрісі және еркін қиялдауы мен шығармашылық ойлауы қалыптасып дамиды.

«**Диалог-ертегі**». Мұғалім не оқушы ойдан шығарып, кез келген бір әңгіме-ертегіні бастап кетеді. Ал қалған оқушылар басталған әңгіме-ертегіні бір-бір сөйлемнен ары қарай жалғастырады.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі — әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр.

Жаңа технологияны оқыту-тәрбие үрдісінде қолдана отырып, біз неге үйрете аламыз?

1. Өз бетімен ойлауға.
2. Жаңа шешімдер табуға.
3. Ұжымдық өмір сүруге.
4. Шыдамды болуға.
5. Өзгелердің көзқарас пікірлерін тыңдай білуге.
6. Өзінің жеке болашағын жасақтауға.
7. Өз бетімен білім алуға.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану нәтижелері

- өз бетімен жұмыс істей отырып, шеберлігін арттыра біледі;
- өз беттерімен ізденулеріне, шығармашылықпен жұмыс істеулеріне бағыт беріледі;
- ойлау қабілеті дамиды;
- нәтижелерін керек жағдайда түзетеді және одан қорытынды жасай алады;
- қорытындыны басқа нәтижелермен салыстырады;
- әр түрлі жағдайда өз шешімін таңдай біледі, мұғалімге жалтақтамайды;
- өзін-өзі бағалай білуге үйренеді;
- жаңа технологияны пайдаланып, интерактивтік тақтада жұмыс жасай біледі.

Оқушы шығармашылығын дамытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру қажет. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыра тын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың

интеллектісінің көзін ашып, шығармашылық қабілетін дамытады. Шығармашылық тұлғаны дамытуды ең алдымен шығармашылық ойлаудан бастау керек. Ал шығармашылық ойлауды дамыту үшін не істеу керек? Ол үшін әр түрлі жаңа технологияларды сабақта үнемі пайдалана отырып, жаңа нәтижеге жету қажет. Шығармашылық ойлауды дамытуға жетелейтін тапсырмалар жаңа буын оқулықтарында орын алған. Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін осы тапсырмаларды түрлендіріп және жаңа технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану жолдарын үнемі іздестіріп отырамын. Мысалы, Ана тілі оқулығында С.Сейфуллиннің «Туған ел» өлеңін өткен кезде бағдарламасы бойынша бақылау сұрақтарын пайдалана отырып «Туған жер» тақырыбында шығарма жұмысын алдым.

1. Туған жер деген сөзді естігенде сен қандай сезімде боласың?
2. Көз алдыңа нелер елестейді?
3. Мұрныңа қандай иіс келгендей болады?
4. Туған жеріңе қандай жақсылықтар жасағың келеді?

Бақылау сұрақтарын түрлендіре отырып түрлі тақырыпта ертегілер жазғыздым.

DISCUSSION

Оқушылар бақылау сұрақтары арқылы өз ойларын еркін, бүкпесіз жеткізе білді. Оқу мен жазу арқылысын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы да оқушыны шығармашылыққа жетелейді. Оның «Синквейн», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Ассоциация» т.б. әдістерін пайдаланып отырамын. Ал «Ақыл-ой Одиссеясы» технологиясы да оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға зор үлес қосады. Шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы қалыптасатындықтан, ойдың жылдамдығы, икемділігі, тапқырлығы, дәлдігі маңызды рөл атқарады.

«Ақыл-ой Одиссеясы» бағдарламасының теориялық негізі ретінде жоғарыда аталған әлемдік деңгейдегі ғалымдардың тұжырымдамаларымен бірге Д.Гилфорд, Е.Торренс, А.Осборн сияқты шығармашылық теориясын жасаған ғалымдар еңбегі алынады. Бағдарламаның құрылымы 2 бөлімнен тұрады.

1. Лезде шешілетін тапсырмалар.
2. Ұзақ мерзімді тапсырмалар.

Лезде шешілетін тапсырмаларды тілдік, яғни сөзбен айтуға, тілмен жеткізуге арналған, манипуляциялық (заттарды құрастыру) және аралас (сөзбен әрі іспен, әрекетпен шешу) болып үшке бөлінеді. Лезде шешілетін тапсырмалар мен ұзақ мерзімді тапсырмаларды түрлендіре отырып, әсіресе тіл сабақтарында қолданған өте қолайлы. Осындай тапсырмаларды қазақ тілінен сөз таптарын өткенде былайша қолдандым. Сын есім тақырыбын өткен кезде ауызша тез арада қызықты ертегі құрастырдық. Әр оқушы оқиға желісін байланыстыра отырып бір сөйлемнен құрастыруы тиіс және ол сөйлемдердің ішіне сын есімді қатыстыруы керек. Мысалы, «Ертеде бір қызыл түлкі болыпты. Бірде ол серуендеп келе жатса, адынан аппақ көжек шыға келіпті. Түлкі одан: -Сенің тоның өткенде ғана сұр сияқты еді ғой,-деп сұрапты. Көжек оған өзінің сиқыршы көжек екенін айтыпты. Қызыл түлкі одан қорқып тиіспей кетіп қалыпты. Тапқыр көжек осылайша аман құтылыпты» деген ертегі құрап шығарды. Бұлайша шапшаң ертегі құрастыру оқушылардың ертегі құрауға деген қызығушылықтарын арттырды.

Оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, яғни жан-жақты, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту үшін инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланудың маңызы өте зор.

Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми - ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т. с. с. Өйткені, ХХІ ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан - жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн деп ойлаймын

CONCLUSION

Жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдерін сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда үнемі түрлендіріп, тиімді пайдалану, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың бірден-бір жолы. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл, елінің ертеңін ойлар жас жеткіншектерді тәрбиелей аламыз. Оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық. Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

REFERENCES

1. Алиева Е.Г. «Шығармашылық қабілет және оны дамытудың шарттары». 1991.
2. Пономарев Я.А. Шығармашылық ойлау психологиясы.- М.,1960.
3. Азарова Л.Н. «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық даралығын қалай дамыту керек // Бастауыш мектеп». 1998, 4 шығарылым.
4. Байжұманова Б.И. «Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық қабілетін дамыту. // Қазақстан мектебі».-1999.-№2.4-5-бб.
5. Сабиров Т. «Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары» – Алматы, 1978. – 344б
6. Тұрғынбаева Б.А. «Бастауыш сынып оқушыларды шығармашылық қабілеттерін дамыту: канд,дисс, автореф» - Алматы, 1998. - 401б.
7. Salaeva M.S., Luxmanovna N.M. Kichik maktab yoshdagi o'quvchilarni ijtimoiy faolligini rivojlantirish // SCIENTIFIC PROGRESS VOLUME 3 | ISSUE 3 | March, 2022. ISSN: 2181-1601. Uzbekistan www.scientificprogress.uz Pages 380-383. <http://www.scientificprogress.uz/storage/app/media/3-3.%20064.%20380-383.pdf>
8. Бекназарова Х.Х. Формирование мобильности личности как педагогическая проблема // SCIENTIFIC PROGRESS VOLUME 3 | ISSUE 3 | 2022 ISSN: 2181-1601. Uzbekistan www.scientificprogress.uz Pages 384-390. <http://www.scientificprogress.uz/storage/app/media/3-3.%20065.%20384-390.pdf>
9. Салаева М.С., Джумабаева М.Б. Педагогнинг кичик мактаб ёшидаги болаларни ижтимоий мобиллигини оширишга таъсири // IJTIMOIIY FANLARDA INNOVASIYA

- ONLAYN ILMIY JURNALI, ISSN - 2181-2608. With Impact Factor: 8.2 SJIF: 5.426 - Б. 59–62. Retrieved from <http://www.sciencebox.uz/index.php/jis/article/view/1552>
10. Салаева М.С., Бекназарова Х.Х. Бошлангич таълим ўқувчиларини ижтимоий мобиллигини ривожлантириш // EURASIAN JOURNAL OF SOCIAL SCIENCES, PHILOSOPHY AND CULTURE Innovative Academy Research Support Center UIF = 8.2 | SJIF = 6.051 www.in-academy.uz Volume 2 Issue 4, April 2022. ISSN 2181-2888. Pages 136-139. <https://zenodo.org/record/6511330#.Y1G0jnZByUk>
<https://doi.org/10.5281/zenodo.6511330>
 11. Салаева М.С., Мамадалиева У.С. Развитие когнитивной мобильности учащихся в начальном образовании / “Хорijiy tillarni o‘qitishda yangicha yondashuvlar” mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy onlayn anjumani. Alisher Navoiy nomidagi Toshkent davlat o‘zbek tili va adabiyoti universiteti – T.: “Firdavs-Shoh” nashriyoti, 2022 – B. 276-281.
 12. Salaeva M.S., Urazova K.V. Boshlang‘ich ta‘limda o‘quv faoliyatning kichik maktab yoshidagi o‘quvchilar psixik rivojlanishiga ta‘sir / «Білім беру қызметі: инновациялык әдістер, құралдар және тәсілдер» тақырыбындағы халықаралық форум материалдары – Шымкент: «Қызмет» баспаханасы, 2022. - B.432-441. ISBN 978-601-06-8694-6
 13. Салаева М.С., Халилова Ш.Т. Ўспиринларда креатив фикрлашни ривожлантиришнинг психологик жиҳатлари / “Психологияни ўқитишда замонавий инновацион ёндашув: психологлар фаолиятини ташкил этишда илғор технологиялар” номли Республика илмий-амалий анжумани мақолалар тўплами. Низомий номидаги ТДПУ “Психология” ўқув-илмий маркази. 2019 йил 24 декабрь. – Б.13-16.
 14. Салаева М.С., Павлова М.В. Роль арттерапии в образовательном процессе // Международный научно-образовательный электронный журнал «ОБРАЗОВАНИЕ И НАУКА В XXI ВЕКЕ». ISSN: 2658-7998. Электронный журнал. Выпуск №22 (том 5) (январь,2022).С.1099-1103.
https://www.mpcareer.ru/files/ugd/a62191_0b77bb588ae44c41874c43e8211ea9a8.pdf
 15. Салаева М.С., Павлова М.В. Арт-терапия как средство гармонизации и развития психики младших школьников/ «Заманагөй тәлим хәм тәрбия технологиялары: тәжирийбелер, машқалалар хәм перспективалар» атамасында Республикалық илмий-эмелий конференция материаллары топламы. Нөкис. 2022 ж. – Б.412-415.
 16. Salaeva M.S., Shoyunusova F.S. Bola shaxsini shakllantirishda ota-onalarning o‘rni // Международный научно-образовательный электронный журнал «ОБРАЗОВАНИЕ И НАУКА В XXI ВЕКЕ». ISSN: 2658-7998. Электронный журнал. Выпуск №24 (том 4) (март, 2022). - С.751-754.
https://www.mpcareer.ru/files/ugd/a62191_0b77bb588ae44c41874c43e8211ea9a8.pdf
https://www.mpcareer.ru/_files/ugd/Март%202022.%20Том%204.pdf
 17. Salaeva M.S., Umirova X.S. Bola tarbiyasida oila va maktabning o‘zaro hamkorligi // PROBLEMS AND SCIENTIFIC SOLUTIONS. - Australia, Melbourne. 2022. – B. 114-123.
<https://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:yMSYe6TfxoMJ:https://academic.sresearch.com/index.php/icpass/article/download/294/515&cd=4&hl=ru&ct=clnk&gl=uz>
<https://zenodo.org/record/6762227#.Y1G7dXZByUk>
<https://doi.org/10.5281/zenodo.6762226>